

**Медициналық мақсаттағы бұйымдарды бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы  
хаттама**

**Сатып алуды ұйымдастырушы: Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны**

Қостанай қ.

2018 жылғы «21» қараша

1. Бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі: Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасының 11-тарауы, 116-тармағының 2-тармақшасы, 2018 жылғы 14 қарашадағы №13 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бір көзден алу тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды жүзеге асыру туралы» Бұйрық.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бір көзден алу тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, кестеге сәйкес:

лот №	Атауы	Өлшем бірлігі	саны	Бірлік бағасы	Сомасы	Жеткізу кестесі
1	NaCl 0,9 % стерильді ерітіндісі, көлемі 250 мл	дана	1000	132,07	132 070	қараша - 1000
<b>Барлығы:</b>					<b>132 070,00</b>	

3. Сатып алуды ұйымдастыру қағидасының 11-тарауы, 120-тармағының 3-тармақшасы негізінде №1 лот бойынша «LS Азия» ЖШС (Қостанай қ., 8 шағынаудан, 1 үй, 23 пәтер) әлеуетті жеткізушісіне бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы шақыру жіберілді.

лот №	Атауы	Өлшем бірлігі	саны	Бірлік бағасы	Сомасы
1	NaCl 0,9 % стерильді ерітіндісі, көлемі 250 мл	дана	1000	130	130 000,00
<b>Барлығы:</b>					<b>130 000,00</b>

«LS Азия» ЖШС-нің бағалар ұсынысын қарап, жеткізуші құқық қабілеттілігіне ие, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында бір жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар, төлем жүргізуге қабілетті, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегі жоқ, банкроттық не таратылу рәсіміне жатпайтыны, жосықсыз әлеуетті жеткізушілер тізбесінде жоқ екендігі анықталды. «LS Азия» ЖШС медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатуға рұқсаты бар (Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасының 3-тарауы). «LS Азия» ЖШС ұсынған медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасының 4-тарауының талаптарына сәйкес келеді.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Облыстық қан орталығы» КМК директоры



Е.С. Иосипенко